## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өскемен май зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

1.Жоба құжаттамасының атауы: «Өскемен май зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қоршаған ортаға әсер етуіне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар.

2. Әсер аумағы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., п.Загородный, Солтүстік өнеркәсіп торабы, Путевая көшесі 3/4.

3. Қоғамдық тыңдау 2025 жылдың 26тамыз сағат 15.00-де ШҚО, Өскемен қ.,п.Загородный, Солтүстік өнеркәсіп торабы, Путевая көшесі 3/4.

Қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/84305391148?pwd=lpsdBtoFVrrZ2kTUNvo2PTGY58LFbN.1Конференцияны сәйкестендіруші: 843 0539 1148. Қолжетімдік коды: HQgnb1

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Өскемен май зауыты» ЖШС, БСН 040340007550. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., п.Загородный, Солтүстік өнеркәсіп торабы, Путевая көшесі 3/4, тел. 8 (7232)23-12-68, e-mail: ukmz@yandex.ru.

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС. БСН 181600077570. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@r21il.ru.

6. Экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен https://ndbecology.gov.kz/ бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының:https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru.сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: : «Өскемен май зауыты» ЖШС, БСН 040340007550. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., п.Загородный, Солтүстік өнеркәсіп торабы, Путевая көшесі 3/4, тел. 8 (7232)23-12-68, e-mail: ukmz@yandex.ru.;«Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, телефоны 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізуден 3 күннен кеш емес мерзімде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz и priemnaya_uprirpvko@akimvko.gov.kz; пошталық – Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., К.Либкнехт к., 19. Телефоны 8(7232)25-73-20, 25-72-06

## «КАЗЦИНК» ЖШС ӨСКЕМЕН МЕТАЛЛУРГИЯ АЛАҢШАСЫНА:

- Слесарь-жөндеуші
- Жонушы
- Металл құюшы
- Жүкші
- Тиегіш жүргізушісі
- Су ерітінділерінің электролизшісі
- Балқытушы
- Электргазбен пісіруші
- Электр жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер
- Шаңтұту қондырғыларының операторы
- Түйістіргіш күкірт қышқылын өндіру аппаратшысы
- Термиялық өңдеу маманы қажет.

**8 (7232) 29-19-05 телефонына хабарласыңыз, түйіндемені Natalya.Sarycheva@kazzinc.com немесе HR@kazzinc.com электрондық мекенжайларына жіберіңіз.**

## «КАЗЦИНК-ТРАНС» ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНЕ:

- В, С және D санаттары ашық автомобиль жүргізушісі
- Автомобильдерді жөндеу слесарі
- Ғимараттар мен құрылысжайларды қадағалау жөніндегі маман
- Автокөлік жуушы қажет.

**8 (7232) 29-21-74 телефонына хабарласыңыз, түйіндемені Ltsios@kazzinc.com немесе HR@kazzinc.com электрондық мекенжайларына жіберіңіз.**

**ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ:**

**8 (7232) 75-28-22, 87772397682**

**MARKETING@ALTAINEWS.KZ**

# ӘЛЕУМЕТ

# Түзеу мекемесінде кәсіпкерлік дамып келеді



**Шығыс Қазақстандағы №16 түзеу мекемесінде сотталған азаматтардың қоғамға бейімделуіне бағытталған тың жобалар жүзеге асуда. Өндірістік аймақта орналасқан бұл мекемеде қазіргі кезде жеті жеке кәсіпкер мен екі жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс жүргізіп жатыр. Мұнда сотталған азаматтар еңбекке тартылып, жалақы алып, сол арқылы мемлекет алдындағы қарыздарын өтеп, отбасыларына қолдау көрсетіп келеді. Бұл оларды ынталандырып, болашақта қоғамға бейімделуіне үлкен көмек болмақ.**

Былтыр «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен мекемеде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің бірі – жеке кәсіпкер А. Кирюхов әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін иеленді. Ал осы жылы наурызда бұл мәртебеге «Бизнес Вира» ЖШС ие болды. Бұл мәртебе – жай ғана атақ емес, ол кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан берілетін нақты қолдаулардың кілті. Мысалы, 5 миллион теңгеге дейінгі гранттарға қатысу мүмкіндігі, қаржылық және мүліктік қолдау түрлері қарастырылған.

Әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін алу жүйелі жұмыс пен нақты құжаттарды талап етеді. Осы орайда сотталғандарды еңбекке тарту бөлімі қажетті құжаттарды толық жинап, «Бизнес Вира» облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы комиссиясының шешімімен әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіміне енгізілді.

«Бизнес Вира» ЖШС – тапсырыспен металл конструкциялар жасап шығаратын өндіріс орны. Бүгінгі таңда бұл кәсіпорында 50 сотталған азамат еңбек етуде, оның ішінде тек маусым айының өзінде қосымша 15 адам жұмысқа алынған. Жалақылары ай сайын тұрақты төленіп тұрады.

Әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін алғаннан кейін мекеме басшылығы мен кәсіпкерлер сотталғандарды еңбекпен қамту бағытын одан әрі кеңейтуге ниетті. Бұл тек өндірістік көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар қоғамға бейімдеу ісіне де оң әсерін тигізуде.

**Инеш Кучербаева,**
№16 түзеу мекемесі сотталғандарды еңбекке тарту бөлімінің бастығы

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

# Алаяқтардан қалай қорғануға болады?

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтарды өздерін пошта қызметкері ретінде таныстырып, жеке мәліметтерді иемденуге тырысатын алаяқтардан сақ болуға шақырады. Алаяқтар «Қазпошта» АҚ-тың атын пайдаланып, қазақстандықтарды түрлі схемалар арқылы алдауға тырысуда.**

Агенттік мамандарының түсіндіруінше, алаяқтық тәсілі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Азамат ұялы телефонына «Қазпоштадан» келгендей болып көрінетін SMS-хабарлама алады. Онда сәлемдеме немесе хат келгені туралы ақпарат беріледі.

2. Артынша WhatsApp мессенджері арқылы қоңырау шалынады. Қоңырау шалушы өзін пошта қызметкері ретінде таныстырып, мекенжайды нақтылау немесе жеткізуді растау үшін SMS арқылы келген белгі кодын (OTP-код) айтуды сұрайды.

3. Егер азамат кодты айтса, алаяқтар бұл ақпаратты жеке деректерге қол жеткізуге немесе жәбірленушінің атына онлайн несие рәсімдеуге пайдаланады.

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қауіпсіздік ережелері:

Қаржы нарығын реттеу агенттігі азаматтарға төмендегі сақтық шараларын ұстануды ұсынады:

SMS-кодтарды ешкімге айтпаңыз. Қызметкер болып көрінгенімен, бейтаныс адамға растау кодын жібермеңіз.

Күмәнді сілтемелерге өтпеңіз. Белгісіз адамдар жіберген хабарламаларда тіркелген сілтемелерді ашпаңыз.

Жеке деректерді жария етпеңіз. Телефон арқылы ЖСН, банк картасының нөмірі, CVV-код сияқты деректерді беруге тыйым салынады.

Бейтаныс нөмірлерден келген мессенджер қоңырауларына сақ болыңыз. Жалған қызметкерлер нақты мекемелердің байланыс нөмірлерінен хабарласпайды.

Ақпаратты ресми арналар арқылы екі мәрте тексеріңіз. «Қазпоштаның» ресми сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланыңыз.

Алаяқтық белгілері байқалса – бірден құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

### ОНЛАЙН НЕСИЕДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Қазіргі таңда алаяқтар азаматтардың атынан онлайн микрокредиттер рәсімдеу әрекеттерін жиілеткен. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін:

eGov.kz порталына немесе eGov mobile қосымшасына кіріп, өз атыңыздан банктік және микрокредит алуға тыйым салу белгісін қоюға болады.

Бұл қызмет — ерікті түрде жасалады және азамат оны кез келген уақытта алып тастай алады.

Есіңізде болсын: нағыз мемлекеттік немесе пошта қызметкерлері сізден ешқашан SMS-код, банк деректері немесе жеке мәліметтерді сұрамайды. Бейқамдық — алаяқтардың ең басты қаруы. Ақпаратты тексеріп, қауіпсіздігіңізді бірінші орынға қойыңыз.

**«Дидар» ақпарат**

«Шығыстүстімет» ЖШС 2025 жылғы 21 тамызда сағат 11:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Шемонаиха ауданы, Усть-Таловка к., Школьная көшесі, 1 мекенжайындағы «Горняк» клубының ғимаратында келесі материалдарды талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

2026-2035 жылдар кезеңіне «Шығыстүстімет» ЖШС Артемьев өндірістік кешенінің Николаев кенішінің сарқынды суларымен су объектісіне (Таловка өзені) және жинақтаушы тоғандарға түсетін ластаушы заттардың рұқсат етілетін төгінділерінің (РТН) нормативтерінің жобасы;

Усть-Таловка к. орналасқан «Шығыстүстімет» ЖШС Артемьев өндірістік кешенінің объектілеріне арналған 2026-2035 жылдарға қалдықтарды басқару бағдарламасы.

Усть-Таловка к. орналасқан «Шығыстүстімет» ЖШС Артемьев өндірістік кешенінің объектілеріне арналған 2026-2035 жылдарға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.

Усть-Таловка к. орналасқан «Шығыстүстімет» ЖШС Артемьев өндірістік кешенінің объектілеріне арналған 2026-2035 жылдарға рұқсат етілген шығарындылар нормативтері.

«Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары».

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Zoom платформасындағы бейнеконференц байланыс арқылы тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/86765303476?pwd=saVVrl9ycwN2HOnXpbVig4kvcQsXmm.1

ID: 867 6530 3476

Коды: 2CCpWV

Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдауларды өткізу басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын басталады.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша келесі телефондар арқылы хабарласуға болады: 8-771-922-04-41.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Шемонаиха ауданы, Усть-Таловка а.о., Усть-Таловка к.

Тапсырыс беруші: «Шығыстүстімет» ЖШС, БСН 140740012829, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атын. көш., 121, тел. 8 (7232) 59-35-59.

Жобаны әзірлеуші: «АПИЦ Инжиниринг» ЖШС, БСН 030640008213, Астана қ., Керей, Жәнібек хандар к., 32 ғимарат, e-mail : info@apits.kz,+7 747 777 99 76.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.мекенжайы: priemnaya_uprirpvko@akimvko.gov.kz, пошталық мекенжайы: Өскемен қ., К.Либкнехт көш., 19, тел. 8 (7232) 25-72-06.

Жоба бойынша құжаттама БЭП https://ecoportal.kz және ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz. «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты алуға болады:almira.kurgambayeva@kazminerals.com, 8-77192-20441.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады:

almira.kurgambayeva@kazminerals.com, priemnaya_uprirpvko@akimvko.gov.kz